

"Есеп саясатын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 444 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылғы 16 шілдедегі № 9590 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.05.2025 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 116-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 444 "Есеп саясатын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6505 болып тіркелген, 2010 жылғы 6 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 263 (26324) жарияланған), мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Есеп саясатында:

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 30 қазандағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару

жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау ережесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8913 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

14-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылдық қаржылық есептілік есепіден кейінгі жылдың

1 қаңтарындағы жағдай бойынша жасалады. Жарты жылдық қаржылық есептілік ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жасалады."

;

16-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып және мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізуді және осы есеп саясатын сақтай отырып, бухгалтерлік есеп жөніндегі жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нұсқаулар беруі мүмкін.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Теңгерімнен қорларды есептен шығару таңдау бойынша мынадай:

1) ерекшелікті сәйкестендіру;

2) орташа өлшем құны әдістерін қолдана отырып жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 79-1-тармақпен толықтырылсын:

"79-1. Концессия шарттары бойынша активтер мен міндеттемелерді есепке алу тәртібі Бухгалтерлік есеп ережесінің "Концессия шарттары бойынша активтер мен міндеттемелерді есепке алу тәртібі" бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.";

80-тармақтың үшінші бөлігі алынып тасталсын;

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаментіне (З.А. Ерназарова) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Орынбасары

– Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі Б. Сұлтанов